

ҒЫЛЫМИ БІЛІМНІҢ ОБЪЕКТИВТІЛІГІ МӘСЕЛЕСІ

Тәуірбай Ақниет Әмірханұлы

a.tauirbay@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «философия» мамандығының
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Д. Толғамбаева

XXI ғасыр адамзат тарихында ғылым мен техниканың дамыған, мәдениет пен құндылықтардың жаңа трансформацияға ұшыраған өзгеріске толы сындарлы кезеңі. Адам өмірінде орын алып жатқан күнделікті өзгерістер тек қана адамның сыртқы тіршілік сипатына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар ішкі болмысына да өз әсерін тигізуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес» деген қазіргі заманға сындарлы пікірін білдіреді [1].

Шын мәнісінде тек қана біздің ел немесе ұлт емес тұтас әлем басынан кешіріп отырған күн сәулесінің жылдамдығындай өзгеріске ілесіп, көш басында болу үшін бүткіл әлем аянбай еңбек етіп өз кемшіліктерімен күресіп, ұлт ретінде жылдан жылға жаңғырып жаңа дейгейге көтерілу үстінде. 2019 жылдан бастап бүкіл әлем басынан кешіріп келе жатырған пандемиялық ахуал біз өмір сүріп отырған әлемге, қоғамдық қарым-қатынастарға деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертті. Көптеген адамдар шынайы материалдық өмірді ұмытып, әлеуметтік қарым-қатынас пен еңбек қатынастарын виртуалды деңгейде жүзеге асыруға мәжбүр болды. Біздің бүгінгі мақалада қарастыратын басты мәселеміз де біз өмір сүріп отырған кезеңдегі виртуалдылық пен шынайылықтың ара жігін ашуға бағытталған ғылыми объективтілік тақырыбына арналмақ.

Дүниеге деген көзқарастың ғылыми түрі болмысынан ерекше сипатқа ие құбылыс. Адамның осы ғаламда жеткен ең үлкен жетістігі әрі дүниені танудағы басты серігі, ол – ғылым. Жаңа Заманда біз бүгінде ғылым деп атап жүрген түпнегіз әртүрлі салаларға бөлініп, қазіргі кезде ғылым бағыттары ретінде қарастырып жүрген сан салаға (физика, химия, биология, социология, психология т.б.) тармақталды. Ғылыми түпнегіз ғылыми ақиқатқа апарар жол деген түсінік күн тәртібінен алынып, оның орнына ғылыми объективтілік түсінігі қолданыла бастады. Аталмыш саланы зерттеп жүрген үлкен ғалымдардың бірі италяндық философ, көптеген жылдар бойы Халықаралық философтар бірлестігі федерациясын басқарған, халықаралық ғылым философиясы академиясының президенті Эвандро Агаци. Эвандро Агаци ғылым философиясы, ғылым және техника этикасы, ғылыми реализм, ғылыми таным және эпистимология саласындағы үлкен ғалым.

Ғылымның адам айналысатын басқа салалардан басты айырмашылығы әрі мәңгілік мақсаты ол – ақиқат білімді табу, негізін анықтау. Ғылыми білімді әртүрлі мақсаттарға пайдалануға болады. Ғылыми білім әлемнің көптеген құпиясын ашуға септігін тигізеді. Атап айтқанда бүгінде ғылыми білімді пайдалану арқылы жаңа технологияларды ойлап тауып, әртүрлі тұрмыстық, жаһандық мәселелердің инновациялық шешімдері табылуда. Жоғарыда айтылған инновация, технология тағы да басқа адам игілігі үшін қызмет ететін

жаңа жолдар мен жарқын аспанның көкжиегін табу үшін адам ғылыми танымның мақсатын ескермесе онда ғылыми теориялардың мағыналық құрылымын да, олардың дамуын да, оларды қолданбалы деңгейде пайдалану мүмкіндігін де, тіпті ғылымдар арасындағы өзара байланысты да түсіну мүмкін емес. Бұл байланысты ресейлік философ В.А. Лекторский «Субъект. Объект. Познание.» еңбегінде қарастырады. Ғылымның аталмыш сипатын түсінбеген немесе түсінгісі келмейтін кейбір ғалымдар, дәлірек айтсақ көбіне ғылыми таным әлеуметтануымен шұғылданатын ғалымдар тарапынан кереғар түсінік қалыптасып, бұл қатынасты қате сипаттайды[2].

Ал енді аталмыш тақырып шеңберінде, осы саланы зерттеуші ғалым Э.Агаццидің концептуалды түсініктеріне тоқталар болсақ. Э.Агацци ақиқатты түсінуді шынайы мәселенің мәніне сәйкестік деңгейінде қарастырып, танымның шынайылықтың өзімен емес, тек оның санадағы репрезентацияларына бағытталған шынайылық деп танылып жүрген эпистимологиялық дуализмді қатаң сынға алады[3].

Ғылыми объективтілік мәселесін жалпы ғылым тарихы контекстінде реалдылық немесе ғылыми реализм ұғымымен байланыстырып көрейік. Ғалымның ойынша ХХ ғасырдағы ғылым философиясындағы басты қақтығыс нүктелерінің барлығы бақыланбайтын теоретикалық нысандар теориялары төңірегінде орын алды. Аталмыш нысандар тек қана заманауи ғылым түсінігінде емес, ертеден ғылым төңірегіндегі талқылаулардың барлығында болды. Ол бүгінде біз үшін флогистон немесе жылутегі секілді көрінбейтін объектілер ретінде белгілі болса, бізге дейінгі ерте ғылыми кезеңдердегі философиядағы классикалық категориялар уақыт, кеңістік, эфир секілді ұғымдарды да аталмыш түсінік аясына шоғырландыруға болады [4]. Жалпы ғылымда ХХ ғасырдан бүгінге дейін мұндай ұғымдардың тізімі бірнеше есеге арта түсті. Атомдық физика әлемі тұтастай осы категориялардың құрамында жұтылып кетеді.

Ресейлік философ, Владислав Александрович Лекторскийдің пайымына сәйкес, ғылым философиясында пікірталастардың орталығында бақыланбайтын объектілердің нақты референттерінің болуы (немесе болмауы) туралы мәселе ғылыми реализм тұжырымының басты сұрағы. Оның ойынша, бұл мәселе кванттық механиканы философиялық түсіну аясында тереңнен қарастырылады [2, 154 б.].

Біз қарастырып отырған ғылыми объективтілік, ғылымдағы реалдылық тақырыбында қажырлы еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі Ян МакДугалл Хакинг. Я. Хакингтің «Мән реалдылығы» (Entity realism) концепциясында кейбір реалды объектілердің бар болуы олар жөніндегі теорияларға тікелей қарама-қарсы қойылады[5]. Хакингтің «мәндік реалдылық» концепциясына сәйкес кез келген көзге көрінбейтін ғылыми теориялық объектілерді (мәнді) белгілі бір ғылыми құрал немесе процес құру үшін физикалық операцияларға қосуға болады. Және бұл оның шынайы каузальді қабілетінің бар екендігінің айқын айғағы болып табылады. Бүгінде біз білетін электрондар заряды, шашыраңқы электрондардың толық энергиясының сақталандығы секілді теориялық тұрақты түсініктердің барлығы жоғарыда айтып өткен мәндік реалдылық төңірегінде жасалған эксперименталдық манипуляциялар негізінде дәлелденген болатын. Ал электрондар жөніндегі теорияларға келер болсақ, ғалымның ойынша олар тұрақсыз болғандықтан әркез өзгеруге бейім келеді, сәйкесінше олардың өзгермелі болуы олар жөнінде реалды түсінік қалыптастырып интерпретация жасауға кедергі келтіреді[2].

Э. Агацци Я.Хакингтің бұл тұжырымдамасына түбегейлі қарсы. Өйткені, кез келген «мәндік» бақыланатын немесе бақыланбайтын объектілер көптеген қасиеттер мен атрибуттардың құрылуынан басқа ештеңе емес [3]. Бақыланбайтын ғылыми объектілердің қасиеттері олар туралы құрылған теориялармен анықталады. Бір немесе басқа бақыланбайтын объект туралы теориялардың өзгеруі оларды анықтауға мүмкіндік беретін атрибуттардан бас тартуды білдірмейді. Бақыланбайтын «субъектілермен» зертханалық манипуляциялар бұл жағдайда қолданылатын операциялардың теориялық жүктелуін болжайды. Сондықтан ғылыми теорияларға қатысты бақыланбайтын "мәнге" қатысты реализмді ғылыми теорияларға қатысты реализмнен ажыратуға болмайды.

Қазіргі заманғы антиреалистердің ғылым философиясындағы негізгі дәлелдері идеямен байланысты. Олардың пайымына сәйкес тәжірибелік деректерді сипаттайтын эмпирикалық мәлімдемелердің теориялық жүктелуі негізіндегі ғылыми теориялардың өзгеруі бір әлемнен екінші әлемге ауысуды білдіреді [7]. Расында бұл қарастырылып отырған теориялардан тәуелсіз ештеңе емес, тек теориялық құрылымдардың нәтижесі болып табылады. Бұл идеялардан ғылыми теориялардың салыстырмалылығы мен прогресс ұғымы ғылыми таным аясында қолданылмайды деп ой қорытуға болады.

Жоғарда қозғалған ойды қорытатын болсақ, ғылым қазір объективтілік пен қатаңдыққа ие білім беру ретінде түсінілсе де, тек бірінші аспект, яғни объективтілік өткенге қатысты нақты жаңалықты құрайтынын мойындауымыз керек. Алайда, кем дегенде, ішінара шындық талабына деген сенімнің төмендеуіне байланысты объективтіліктің жаңа тұжырымдамасы қатаңдық ұғымымен сәйкестендіруге бейімділікке ие болды. Бұл тенденция формалистік көзқарастың басым болуына байланысты математика саласында ерекше ықпалды болса да эмпирикалық ғылымдар саласында бірдей қарқында өрбімеді.

Жоғарыда атап өткендей біз жалпы ғылым философиясындағы орталық мәселелердің бірі теориялық ұғым мен оның қолданбалалығы жөнінде ой қозғадық. Және аталмыш тақырып аясында қалыптасқан екі түрлі ойдың бар екендігін аңғардық:

1. Ғылым теориясында, дәлірек айтсақ кванттық физикада көрінбейтін объектілерді зерттеу барысындағы тұрақсыз шамалардың бар екендігі (Я. Хакингтің), және оларды (көрінбейтін объект түсінгін) тұрақты шама ретінде қарастыра алмайтындығымыз;

2. «Мәндік» бақыланатын немесе бақыланбайтын объектілердің басты мәні олардың көптеген қасиеттер мен атрибуттардың құрылуының басты себебі рөлін ғана атқаратындығы ғана (Э.Агацци). Яғни бақыланбайтын объектке реалды мән беру манипуляциясы арқылы біз операциялық теориялық негіз береміз.

Енді әрі қарай осы екі мәселе аясында ғылыми объективтілік және реалдылық тақырыбын қарастыратын боламыз. Жалпы ғылыми объективтілік тақырыбын қарастырғанда ғылыми объективтіліктен бөлек ғылыми қатаңдық түсінігінің бар екендігі барлығымызға мәлім. Ғылыми қатаңдық зерттеу жүргізу барысында қатаң арнаулы ритуалдарды орындау арқылы зерттеудің жүйелі әрі алға қойылған мақсаттарын шешуге бағытталған анық жол іспеттес. Объективтілікті түсіну үшін біз осы ғылыми қатаңдықтың нақты функционалдық міндеттерін белгілеп алуымыз қажет. Ғылыми қатаңдық шеңберінен тыс зерттеу теориялары тікелей ғылыми объективтіліктің зерттеу нысанына айналады. Ғылыми қатаңдық теорияны негіздеуге жүгінсе, біз қарастырып отырған ғылыми объективтілік теорияны эмпирикалық деңгейде дәлелдеуге негізделеді. Біздің ғылыми қатаңдыққа қарағанда ғылыми объективтілікке басымдық беруіміздің де басты маңыздылығы осында.

Ғылыми объективтілік жөнінде білдірген ойымызды дәлелді әрі аналитикалық ой елегінен өткізу үшін бізге қысқа тарихи анализ жасау қажет. Ғылыми объективтілік бізге дейінгі кезеңде қандай бағаға ие болды? Бүгінде ғылыми танымда ғылыми объективтілік түсінгі қандай бағаға ие? Осы сұрақтарға жауап беру үшін Жаңа Замандағы ғылымға деген көзқарас пен аталмыш көзқарасқа революциялық сарын әкелген Галилейлік төңкерісті қарастырып көрелік.

Егер біз Галилейдің ұстанымын қарастыратын болсақ, оның шынымен революциялық екенін бірден көреміз, өйткені ол дәстүрлі ілімге сәйкес ғылыми білімнің өзегі не екенін, атап айтқанда заттардың нақты мәнін түсіну қабілетін елемеді. Галилео табиғатты зерттеуге деген практикалық көзқарасында ғана емес, сонымен бірге өзінің саналы теориялық рефлексиясында Марк Вельзерге күн дақтарына қатысты үшінші хатының келесі үзіндісінен көрініп тұрғандай "болмысқа қол сұғудан" ашық түрде бас тартты: «Біздің пайымдауларымызда біз заттардың шынайы және ішкі мәніне енуге тырысамыз немесе олардың кейбір қасиеттерін (affections) білуге қанағаттанамыз. Мәнге/болмысқа қол сұғу мен ең жақын табиғи субстанцияларға, сондай-ақ алыс аспан

заттарына қатысты мүмкін емес әрекет деп санаймын... Бірақ егер біз санамызға заттардың кейбір қасиеттері туралы түсінік бергіміз келсе, онда менің ойымша, біз салыстырмалы түрде алыс денелерге жету мүмкіндігімізден үміт үзбеуіміз керек. Салыстырмалы түрде кейбір жағдайларда, табиғи жақын субстанцияларға қарағанда алыс аспан заттарына қатысты ойымыз дәлірек болуы мүмкін» [Келтірілген: 7, 301-302 б.].

Мұнда біз табиғи заттардың ішкі «мәні» мен «қасиеттері» арасындағы нақты айырмашылықты көреміз, сонымен бірге біз олардың қасиеттеріне деген қызығушылығымызды шектеген жағдайда ғана осы заттар туралы қандайда бір білім алуға үміттене аламыз. Егер мәнді білу талабы әйгілі Сократтық «*ti esti*» кезеңінен бастап философияға тән қасиет екенін еске түсірсек, Галилейдің ұсынысы, кем дегенде, ішінара табиғатты зерттеуде қатаң философиялық тұрғыдан бас тартуға шақыру болды деп қорытынды жасауға болады. Қазірде Галилейдің бұл пайымын ғылыми революцияға жасалған алғашқы қадамы деп бағалауға болады.

Галилейлік төңкеріс іс жүзінде философиядан ғылымға көшуді білдіреді. Ғылыми объективтілік түсінігінің даму қарқынына сәйкес жаратылыстану табиғи философия немесе натурофилософия ретінде қарастырылса да, аталмыш кезеңдерден бастап философиялық емес білім ретінде түсініле бастады. Осылайша жаратылысты тану философияның алдыңғы тарихына тән түпкі себептер мен негіздерді зерттеуден өз міндеткерліктерінен түбегейлі алып тастады. Шын мәнінде пайда болған ғылым күнделікті өмірдегі ең қарапайым оқиғаларға әсер еткеннен бастап аспан механикасының космологиялық проблемаларына дейінгі көптеген зерттеу бағыттарындағы фактілерді болжау мен түсіндіруде өте мықты күшке ие болды.

Э. Агаццидің пікірінше, жүз жылдан аса уақыт өте адамдар ғылымның адамзатқа физикалық шындықтың (ғылыми объективтіліктің) шынайы құрылымын зерттеудің жалғыз шынайы құралы екендігін түсінді. Көптеген ойшылдар дәстүрлі табиғат философиясы аясында көптеген ғасырлар бойы ұмтылған мақсатқа қол жеткізді. Нәтижесінде ғылымның метафизикасы пайда болды, оның ең айқын көрінісі XIX ғасырдың механикалық дүниетанымымен өрнектелді[3].

Бүгінде гносеологиядағы және ғылым философиясындағы реализм философиялық реалистер бұрын айтқан нәрсені жай қайталай алмайды. Бүгінгі күні тек қана ақылға жүгіну жеткіліксіз. Дәстүрлі метафизиканы жай қалпына келтіру де жеткіліксіз. Өйткені қазіргі адам айналысатын шынайылық бұрын талқыланғаннан гөрі әлдеқайда күрделі және түсініксіз. Замануи реалдылық мәселесі бұл кванттық физика, виртуалды шынайылық, адам өміріне етене еніп келе жатырған, тіптен адам онсыз өз өмірін елесетете алмайтын техникалық шынайылық мәселелеріне тікелей байланысты, кейбір сәттерде жартылай тәуелді десе де болады. Басқаша айтқанда, қазіргі кездегі философиялық реализмнің сұрақтары - таным мен білімді қалай түсінуге болатындығы, ғылымның мүмкіндіктері мен шекараларын қалай түсінуге болатындығы, адамның әлемдегі орнын қалай түсінетіндігі, оның өзгеру немесе жойылу мүмкіндігі туралы сұрақтарға толы. Адам айналасындағы техникалық прогресс, ғылыми төңкеріс, реалды шынайылық ұғымдары түрленіп жаңа қырларынан ашылса да өзгермейтін тек қана бір ұғым бар, ол адамның сол объектіні зерттеуге деген ынтасы және оны зерттеу жолындағы қалыптасқан объективті шынайылық. Сонау Галилейлік кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі ғылымда орын алған ашылулар мен адам өмірінің оңтайландыратын жаңалықтардың барлығы аталмыш мәннен шыққан объективті шындықты қалыптастырушы факторлар.

Қорыта келе, жалпы ғылым философиясы төңірегіндегі негізгі ойлардың барлығы бірін бірінен белгілі бір қарама қайшылықты іздейтіндігін аңғардық. Шын мәнісінде белгілі бір теорияны немесе қалыптасқан түсінікті жоққа шығару, оның реалды мәнде жоқ екендігін дәлелдеу ол ұғымның жалпы жоқ болып кетуін немесе жоқ болғандығын аңғартпайды. Философиялық реализм тақырыбының күннен күнге күрделене түсуі, біз қарастырып отырған тақырып аясында бұрын ескерілмеген жаңа түсініктер мен теориялық түрлерді қалыптасуға негіз болып отыр. Ақпараттық-виртуалды реалдылықтың

қарыштап дамыған заманында ғылыми объективтілік түсінігі аясындағы пікіталас та сұраныс та арта түспек. Мақала философиялық реализм мәселесі тақырыбын зерттеу барысында жаңа рең беріп тақырыпты басқа қырынан тануға үлес қосады деген ниеттеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy// 2017 ж.
2. Лекторский В.А. Субъект, объект, познание.- М.: Наука, 1980.- 358 с.
3. Агации Э. Научная объективность и ее контексты. / Под редакцией и предисловием Лекторского В.А. Перевод Лахути Д.Г.- М.: Прогресс-традиция, 2016.-688 с.
4. «Реалистический поворот» в современной эпистемологии, философии сознания и философии науки? Материалы «круглого стола // Вопросы философии, № 12. 2016. С. 5-38
5. Хакинг. Я. Представление и вмешательство. Введение в философия естественных наук. Пер. с англ. / Перевод С. Кузнецова, науч.ред Мамчур Е.А.- М.: Логос, 1998.-296 с.
6. Harre R. Varieties of Realism: A Rationale for the Natural Sciences. Oxford 1986. P. 92.
7. Galileo (1638), Opere VIII, pp. 202–203; English translation, pp. 158–159. (Галилей. Г. Беседы и математические доказательства, касающиеся двух новых отраслей науки / Соч., т. I, ГТТИ, М. – Л., 1934). // Агации Э. Научная объективность и ее контексты. / Под редакцией и предисловием Лекторского В.А. Перевод Лахути Д.Г.- М.: Прогресс-традиция, 2016.-688 с.